

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Өмірдің мәні – өткенді бағалауда



Конфетно-пряничная фабрика Б. Кошегулова.
Акмолинск, 1911 г.

Тарихи оқиғаларды танып-білуде, болашақты айқындап, өткеніміздің шынайы болмысына баға беруде архив ісінің атқарар рөлі орасан зор. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында ел аймақтарынан архивтік құжаттарды толықтыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар және саладағы басқа да өзекті мәселелер туралы Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің директоры Мейрам БЕКТЕМБАЕВ баяндайды.

– Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің 2019-2021 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы негізінде мұрағат қорын жаңғырту ісі жалғасын табуда. Тарихи құжаттар мен мұрағат жәдігерлерінен өңірдің тарихы мен мәдениетіне қатысты елең еткізерлік қандай тың деректерді кезіктіруге болады?

– Зерттеу жұмысы барысында Ақмола облысының тарихына қатысты Ақмола облысында орналасқан ерлер және әйелдер интернаты, Ақмола жер бөлімінің ұйымдары туралы, Ақмола облысындағы болыстық және станицалық басқармалар, Ақмола уезінің ауылдары, болыстары, Ақмола уезінің мектебі, Ақмола губерниясы аумағындағы тұзды көлдер, сондай-ақ Ақмола уезінің схемалық карталары және т.б. құнды құжаттар табылды. Бүгінде архив қорының тізімі жасалып, жеке текті құжаттармен толықтыру жұмыстары әрі қарай жалғасын табуда. Майдангерлердің, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің, сондай-ақ елорданың дамуына атсалысқан белгілі тұлғалардың құнды құжаттары жинақталуда.

Жақында Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейіне уақытша пайдалануға берілген жәдігерлерді қайтадан өз қорымызға қабылдап алдық. 8377 атаумен көрсетілген жазба дерек қоры Ақмола облысындағы саяси ұйымдар, сондай-ақ кәсіпорындар мен мекемелер тарихынан мол мағлұмат береді. Кеңес дәуіріндегі плакаттар мен афишалар өңірдің табиғаты мен тың игеру кезеңіндегі дәуір айшығын сипаттайды. Алайда ескіріп, сарғайған, кесіліп, шеттері мүжілген, дақ түскен құжаттарды осы күйінде қалдыра салуға әсте болмайды, көбі қайта қалпына келтіруді қажет етеді. Фотосуреттердің біразы көшірме нұсқалар, сондықтан өсімдіктер мен табиғаттың ақ-қара түсті фотолары музей қорын жабдықтаудың қазіргі талабына толық жауап бере алмайды. Дегенмен тарихи құжаттар ғылыми-көмекші құрал ретінде өлке мен қала тарихына қатысты, генеалогиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгенде маңызды саналатыны даусыз. Сондықтан мұндағы әр құжат пен материалдық құндылық мемлекеттік сақтауға, архив қорына енгізілуі тиіс деп есептейміз. Сараптама жүргізу барысында кілем-киіз бұйымдарының ескіргені, гербарийлер мен муляждардың кірленгені, саз балшықтан жасалған ойыншықтардың, кейбір пластинкалардың, археология қорындағы коллекциялардың негізгі бөлігі саналатын қыш құмыралардың сынып, үгітілгені ескеріліп, қайта бағаланды. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, архив қоймалары мен оқу залдары үшін арнайы қосымша үй-жайлар бөлінді. Бұл біздің келешекте мұрағат-музей-кітапхана бірлігі негізінде жоспарлаған идеяларымызды мұқият жүзеге асыруымызға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Өңір тарихын зерттеумен айналысатын ғалым-археологтар Нұра-Есіл өзендерінің аралығында адамдар көп жылдар бұрын тұрақты өмір сүрген деп болжам жасауда. Одан беріде VII-VIII ғғ. қала іргесінен табылған Бозоқ қалашығы қыпшақ билеушісінің ордасы, діни-ғибадат орны және жолаушылар мен керуендер үшін географиялық бағдар болған. Ақмола Тәуке ханның жаз жайлауы болған, Кенесары бабамыз қазақ елінің азаттығы үшін күрескен шежірелі өңір саналады. Жібек жолының бойындағы Ақмолада 1830 жылы саяси ықпалын күшейтіп, сауда-саттықты, өнеркәсіпті дамыту мақсатында Ресей империясы әскери бекінісін салдырған. Тарихи құжаттар Ақмола кейін Орта Азиядан Ресейдің еуропалық және азиялық бөлігіне және одан кері қарай жүретін керуендердің жиналатын жеріне және ірі сауда орталығына айналғаны туралы деректерді алға тартады. Ал 1869 жылдан Ақмола облысы құрылғаны мәлім. Кезінде Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахметті, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген екен.

1920-1928 жылдары қала Ақмола губерниясының орталығы, 1939 жылдан Ақмола облысының орталығы, 1950 жылдары Тың өлкесінің орталығы болғанына дәлел-дәйек іздеген жан үшін мұнда құжат қоры айтарлықтай екенін еске саламыз.

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің тарихы Қазақстан астанасының тарихымен сабақтас. Тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасының тарихи рөлін ескере отырып, Ақмола қаласы әкімінің шешімімен 1995 жылы 23 қарашада қалалық мемлекеттік архив ашылған болатын. Астананың ресми тұсаукесері, «Бейбітшілік қаласы» атануы, Ақмола Арнайы экономикалық аймақтың құрылуы, жоғары және орталық мемлекеттік мекемелердің көші-

рілуі, қала құрылысы, еліміздің шетелдермен ынтымақтастық орнатуы, ресми кездесулер, елордада өтіп жатқан білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, спорт пен туризм саласындағы түрлі іс-шара туралы, яғни астанадағы маңызды оқиғалар туралы құжаттарды қаттап отыру, қаланың өткені мен бүгінін қала тұрғындары мен елорда қонақтарына таныстыру, көрсету, ел мұрасын ертеңге жеткізу мемлекеттік қалалық архивтің басты міндеті саналады.

Архив қорынан елорданы қаржыландыру, тұрғын үйлер мен оқу орындарын салу, мамандар даярлау сияқты маңызды мәселелерге дейін Елбасы назарында болғанын айғақтайтын деректер молынан табылады. Адамзат тарихында архив-музей-кітапханалар қашанда тарихи жадыны сақтаушы ролін атқарғаны мәлім, яғни құжат-зат-кітап – бір-бірінен бөлінбес тұтас әлем. Осы ретте архивте қала тарихына қатысты, осы өңірде туған, не қызмет еткен тарихи тұлғалар туралы оқушыларға, студенттерге ұдайы дәрістер өткізіліп тұрады. «Елорда жылнамасына өз атыңды енгіз» акциясы аясында жеке тұлғалардан елорданың тарихына қатысты бірқатар құжат, зат, кітап табылды. Мысалы, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкері Сақан Сәдуақасова қала тарихына қатысты құжаттар өткізсе, коллекционер Валерий Семенов Ақмола қаласында фарфор зауыты өндірген бұйымдарын, қала тұрғындары пайдаланған кеңестік дәуірдегі құнды коллекциясын тапсырды.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан, хабарсыз кеткен кеңес әскерлері туралы әзірлеген мәліметі бар «Мемориал» жиынтық электронды базасы, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің сайтында «Tutkyn.kz», «Asharshylyq.kz», «Кеңестік Қазақстанның номенклатуралық кадрлары. 1919-1991 жж.» мәліметтер базасы, Қазақстан Ішкі істер министрлігінің Кеңес өкіметі кезінде контрреволюциялық мемлекеттік қылмыстары үшін қуғын-сүргінге ұшыраған, сотталған, кейін сот органдарымен ақталғандар туралы «Мемориал. Қуғын-сүргін құрбандары» мәліметтер базасы генеологтарға көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Мемлекеттік мұрағаттың жеке тұлғалар құжаттары қорының негізінде 2015 жылы жарық көрген жинақ бар. Мұнда Сталинград шайқасына қатысқан ер-жүрек жерлестеріміз туралы қысқаша мәліметтер келтірілген. Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында майдангерлер өміріне қатысты мұндағы кез келген тарихи дерек болашақ үшін құнды құжат саналатыны анық.

Жазып алған

Қарашаш ТОҚСАНБАЙ